

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтеусіз көмегін пайдалану шарттары туралы хаттар алмасу нысанындағы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы N 118 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтеусіз көмегін пайдалану шарттары туралы хаттар алмасу нысанындағы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Зауытбек Қауысбекұлы Тұрысбековке (келісім бойынша) Келісім жобасының мәтініне қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтеусіз көмегін пайдалану шарттары туралы хаттар алмасу нысанындағы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*Жоба*

*Қ а з а қ с т а н*

*Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Қ ы т а й*

*Х а л ы қ*

*Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Т ө т е н ш е*

*ж әне*

*Ө к і л е т т і*

*Е л ш і с і*

*Чжан Сиюнь мырзаға*

**Жоғары Мәртебелі,**

Осымен, Сіздің 2006 жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ мынадай мазмұндағы хатыңызды алғандығымды растауды құрмет санайтындығымды білдіремін:

"Тараптар, достық келіссөздер нәтижесінде мыналар туралы келіскендігіміздің нәтижесінде Қытай Халық Республикасы Үкіметінің атынан растауыңызды құрмет с а н а й м ы н :

1. Қытай Халық Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің кадрларын даярлау саласындағы жобаларды жүзеге асыру үшін бес миллион қытай юані сомасында өтеусіз көмек береді

2. Барлық нақты мәселелер, екі ел үкіметтері тағайындаған әрбір уәкілетті органдар арасында жасалатын, жекелеген шартпен реттеледі.

Егер, Сіз жоғарыда баяндалған мазмұнды жауап хатпен растасаңыз, онда осы хат және Сіздің жауап хатыңыз Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтеусіз көмекті пайдалану туралы келісімі болып саналып, ол қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді."

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан жоғарыда баяндалған мазмұндағы Келісімді растауды және осы жауап хат пен Сіздің хатыңыз, қол қойылған күнінен бастап күшіне енетін Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтеусіз көмекті пайдалану туралы келісімі болып саналатындығын құрмет санаймын.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, өзімнің Сізге деген жоғары құрмет сезіміме сеніміңізді жаңғыртқым келеді.

*Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік қызмет істері  
агенттігінің төрағасы Зауытбек Тұрысбеков*

Астана қаласы, 2006 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Жоба

*Қазақстан Республикасы Мемлекеттік  
қызмет істері агенттігінің төрағасы  
Зауытбек Тұрысбеков мырзаға*

**Жоғары Мәртебелі,**

Осымен Тараптар, достық келіссөздері нәтижесінде мыналар туралы келіскендігімізді Қытай Халық Республикасының Үкіметі атынан растауды құрмет санаймын:

1. Қытай Халық Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің кадрларын даярлау саласындағы жобаларды жүзеге асыру үшін бес миллион қытай юані сомасында өтеусіз көмек береді.

2. Барлық нақты сұрақтар, екі ел үкіметтері әрқайсысы тағайындаған уәкілетті органдар арасында жасалатын, жекелеген келісім шартпен реттеледі.

Егер, Сіз жоғарыда баяндалған мазмұнды, жауап хатпен растасаңыз, онда осы хат және Сіздің жауап хатыңыз Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтеусіз көмекті пайдалану туралы келісімі

болып саналып, ол қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, өзімнің Сізге деген жоғары құрмет сезіміме сеніміңізді жаңғыртқым келеді.

*Қытай Халық Республикасының  
Қазақстан Республикасындағы  
Төтенше және Өкілетті Елшісі  
Ч ж а н С и ю н ь*

*Астана қаласы, 2006 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК